

АЛАШ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ КОНТЕКСІНДЕ

ЦЕННОСТИ АЛАШ В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

*Амантаева А.Б.,
философия ғылымдарының кандидаты, доцент
Панияз Т.,
саяси ғылымдар магистрі, аға оқытушы
Панияз А.,
география ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
ҚМПИ, Қостанай қ., Қазақстан*

АЛАШ МҰРАТЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК

1917 жылғы Ақпан төңкерісі негізінде орын алған Ресей империясындағы саяси дүрбелеңді қазақ халқының ұлттық мүддесіне пайдаланып қалуға тырысқан жаңа саяси күш – алаш зиялылары еді. ХХ ғасырдың басында алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары өздерінің саяси қызметінде ұлттық сондай-ақ жалпы азаматтық құндылықтарды қорғауды басты мақсат деп білді. Ел басына күн туған алмағайып уақытта ұлт тағдыры үшін жанын шүберекке түйіп, арманын ұлт тәуелсіздігіне балаған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Б.Қаратаев, М.Шоқай, Ж.Досмұхамедов Х.Досмұхамедов сынды қазақтың көрнекті қайраткерлерінің шоқ жұлдызы қазақ аспанында жарқырай көрінді. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азаттық алу жолындағы күреске біржола бел шеше кірісті.

Бірінші бүкілқазақтық съезд 1917 жылғы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өтіп, оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария облыстарының өкілдері қатынасты. Съезге қатысушылар саны аса көп болмағанына қарамастан, оның күн тәртібіне сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатынасы бар аса маңызды он төрт мәселе қойылды:

1. Мемлекет билеу түрі;
2. Қазақ облыстарында автономия;
3. Жер мәселесі;
4. Халық милициясы;
5. Земство;
6. Оқу мәселесі;
7. Сот мәселесі;
8. Дін мәселесі;
9. Әйел мәселесі;
10. Депутат дайындау;
11. Мұсылмандар кеңесі;
12. Қазақ саяси партиясы;
13. Жетісу облысының оқиғасы;
14. Съезге қазақтан өкіл жіберу.

Халел Досмұхабетовтың төрағалығымен, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың және т.б. хатшылығымен өткен бірінші жалпы қазақтық съезд делегаттары осы он төрт мәселенің ішінде өздерінің басты назарын ұлттық автономия, жер, құрылтай съезіне дайындық және қазақтың саяси партиясын құру мәселелеріне аударды. Съезд қарсаңында «Қазақ» газетінде болашақ автономия туралы әртүрлі пікірлер мен ұсыныстар айтылған мақалалар тізбегі жарияланды. Съезде А.Байтұрсынов пен М. Дулатов «автономиялы

тәуелсіз қазақ мемлекетін құру» идеясын ұсынды. Ал Ә. Бөкейханов «демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей республикасының құрамындағы» қазақтың ұлттық-территориялық автономиясы болуын қолдады.

Ә. Бөкейханов «Қазақ» газетіне жазған хабарында бұл Комитетке Түркістан өлкесінде «бостандық, құрдастық, туыскандық шырағында» қандай өзгерістер жасаймын десе де ерік деп көрсетіп, Түркістанның жағдайын Англияның отар елдеріне теңеп, «Учредительное собраниеден кейін Түркістан өз тізгіні өзінде колония болады» деген үмітін айтады [1, 303 б].

Съезд делегаттары күн тәртібіндегі аса маңызды жер туралы мәселені аса ұқыптылықпен әрі жан-жақты талқылағаны белгілі. Қазақ демократиялық зиялылары үшін әр уақытта ең негізгі мәселе – жер мәселесі болды. Патша үкіметі, оның мұрагері болған Уақытша үкімет, ең соңында Кеңес үкіметі мен қазақ демократиялық зиялылары арасындағы кейде ашық, кейде астыртын жүріп отырған күрес, арбасулардың түп-тамыры, қайнар көзі осы жер мәселесі еді. XX ғасырдың алғашқы ширегінде бұл мәселенің қазақ елі үшін қоғамдық маңызын ғылыми тұрғыдан өз дәрежесінде көтеріп және терең түсіндіріп берген қайраткер Ә. Бөкейханов еді. Бірінші жалпы қазақтық съезд өзінің күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелердің бірі – қазақ саяси партиясын құру мәселесін талқылау барысында іс жүзінде осы партияны ұйымдастыруға арналған құрылтай жиналысына айналды. Осы мәселе жөнінде съезд қабылдаған қарарда былай делінеді: «қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуын тиіс көрді» [2, 256 б].

Жанадан құрылған партия «Алаш» деген атқа ие болып, оның бағдарламасы қабылданды. Осылайша Ә. Бөкейханов пен оның серіктестерінің 1905-1017 жылдардағы көзқарас эволюциясы 1917 жылғы шілдеде ұлттық-демократиялық мақсат-мүдделерді көздейтін Алаш саяси ұйымын (партиясын) құруға алып келді. Зерттеуші Қойгелдиев өзінің Ә. Бөкейханов туралы зерттеуінде: қазақ кадеттерінің бағдарламасы... сол кезде Оралда Камиль Тухватуллиннің басқаруымен шығып тұрған «Фикер» газетінде жарияланған», — дей келіп, «онда қазақ жерін бүтіндей сол елдің меншігі етіп жариялайтын заң қабылдау, ішкі Ресейден көшіп келіп қоныстану толқынын тежеу, кедей жұмысшыларға еркіндік, теңдік беру, оларға пайдалы заңдар шығару, қазақ балалары үшін мектеп, медресе, университеттер ашу туралы, т.с.с. талап-тілектер айтылған», — деп жазды [3, 45 б].

1917 жылы желтоқсанда Ә. Бөкейханов Алашорда үкіметінің төрағасы болып сайланады. Алаш партиясының негізгі мақсаты: қазақ елін отарлық езгіден азат ету, автономиялы, тәуелсіз ел болу, қазақ елін әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамыту болды. Қазақ зиялыларының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашуы үшін оның бойында білімге деген құштарлықты ояту, сауатсыздықты жою тәуелсіздікке апарар тура жол екендігін түсінді. Бұл жолда «Алаш» ұлттық қозғалысының зиялылары өздерінің қиын да күрделі бүкіл қоғамдық-саяси қызметін Ұлы мұрат – Тәуелсіздікке арнады. М. Шоқайдың «Біз – құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт азаттығымызды аламыз» – деген сөзі барлық Алаш қайраткерлерінің ойымен үндеседі [4, 228 б]. Ұлт зиялылары қазақ қоғамында қоғамдық саяси сана мен ұлттық қозғалыстың қалыптасуына тікелей әсер етуге көшті. Олардың белсене таратқан саяси идеялары қазақ қоғамының оянуына жәрдемдесіп, халықтың саяси-құқықтық, мәдени-эстетикалық, санасы мен ой - өрісінің дамуына жол сілтеді [5, 724 б].

Қазақ зиялылары, әсіресе патша өкіметін құлатып, Ресейде және оның ұлттық отар аймақтарында ерекше саяси жүйені тудырған 1917 жылғы Ақпан төңкерісін зор қуанышпен қарсы алып, осы төңкеріс ала келген демократиялық өзгерістер лебімен қанаттанып, қазақ арасында мәдени-ағарту жұмысын жандандыруға күш салды. Бәрінен бұрын қазақ жерінде кенже қалып келе жатқан оқу жайын жолға қоюға зор талпыныс жасады. «Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрмыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» – деп жазды А. Байтұрсынов [6, 57 б].

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында бәсекеге қабілетті дамыған елдердің қатарына ену үшін қанша жер асты байлығымыз болса да ғылымды, ең алдымен мықты білім мен технологияны игерудің аса қажет екендігін ХХ ғасыр басында А. Байтұрсыновтың аса көрегендікпен айтқан ойларының бүгінгі күнмен үндесіп жатқанын аңғарамыз. Қазіргі кезде әлемдік саясатта бірінші орында әскери күш-қуат пен экономикалық байлық емес, ақпараттық-технологиялық, біліми байлықтың алдыңғы орынға шыққаны айтпасақ та түсінікті. Осынау мақсаттарға жету үшін халықтың өзіндік жазуы, қажетті оқу құралдары, ұлттық мектептері болуы керек. Оларды жолға қою ең алдымен ана тіліміздің мәселелерімен айналысуға, оны оқу пәні дәрежесіне көтеруге ден қойып, қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық негізін қалаған да А. Байтұрсынов бастаған Алаш зиялылары болатын. Өйткені тіл барлық істің басы, онсыз ешбір білімнің дамуы мүмкін еместігін олар өз уақытында көре білді. Бүгіндері ана тіліміздің биік дәрежесін көтеруде Ахмет Байтұрсыновтың тіл мен әдебиет, баспасөз турасында айтқан пікірлерін ескеріп, ел азаттығының идеялық тұғырнамасын баспасөзде бірізді тиянақты жасаудың уақыты пісіп жетілгенін, ұлттық идеологияны толық қалыптастырудың кезі келгендігін сезінгендейміз. Ұлтты ұйытып, санаға серпіліс әкелетін «Қазақ» сияқты ұлттық намысты ту етер тәуелсіз баспасөзді өркениетті тұрғыда қалыптастыру бүгінгі қазақ қоғамы үшін әлі де өте-мөте маңызды болып қала берері хақ.

«Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазған сөзі бар жұрттар ғана тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адам құрымай жоғалмайды. Ұлттық сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қауіптісі – тіл, сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз жұртынан басқа жұртты қысамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін тоздыруға тарысады» -деп, ұлт тірегі тіл екенін сол кездің өзінде А. Байтұрсынов дөп басып айтып кеткен болатын [7, 80 б]. Бүгінгі мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтата биік көтере түсу тәуелсіздігімізді марқайтудың басты бір белгісі ретінде қарастырғанымыз жөн. Ұлт мәселесін бес саусағындай білетін алаш зиялылары ұлттың түпкі мүддесінде Ресейден бөлініп тәуелсізденуіне жетуін ойлай отырып, ұлттық әліпбиді араб қарпіне негіздеуді жөн көрді. Себебі мұсылмандық-түркілік әлемнен рухани алшақ кетуді жөн көрмесе керек.

Төте жазуда болмасақ та қазіргі әліпби түзу және жазу заңдылығы А. Байтұрсынов ұстанған қағидаларға негізделген. Ал қазіргі қиындықтарымыз да осы А. Байтұрсынов көрсеткен кейбір ұстанымдардан ауытқып, кірме дыбыстарды әліпбиге талғаусыз қабылдап, содан соң кірме сөздерді де өзгеріссіз жазып, өзіміздің төл сөздеріміз бен терминдерімізді де ғалым көрсеткен жолмен дамыта алмауымыздан туындады. Сондықтан А. Байтұрсынов ұсынған қағидаларға қайта келу керектігін еріксіз мойындағандықтан да әліпби өзгертуге шешім қабылдап жатырмыз. Ертең латын әліпбиіне өткен кезде де А. Байтұрсынов ұстанған қағидаларды басшылыққа алуға тура келеді. Бұл бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында латын әліпбиіне көшуді шынайы қолға алған тұста және әлемдік ақпараттық көшке ілесу мәселесінде де өз маңыздылығын жоймақ емес.

Ә. Бөкейханов және сол кезеңде қазақтың зиялы қауымының басқа өкілдері жетекшілік жасаған Алаш пен Алашорда Қазақстандағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешу жолдарын анықтауда ұлттық-тұтастық және халықтық бірлік принциптеріне сүйенді. Мұндай позиция, әлбетте, аталған мәселелерді шешуде таптық принциптер мен пролетариат диктатурасын негізге алған большевиктерге қарама-қарсы еді. Сондықтан да Алаш көсемдері мен Алашорда үкіметінің басшылығы Қазан төңкерісінің ұрандарын, Кеңес өкіметінің идеялары мен нақтылы іс-әрекеттерін қабылдамады, оларға қарсы шықты.

Осы принципті мәселеде Алаш пен Алашорда жетекшілері саяси күресте де, кеңес өкіметіне қарсы нақтылы іс-әрекетте де негізінен ауызбіршілік танытты. Алайда олардың арасында жекелеген қоғамдық-саяси мәселелер жөнінде (мысалы, Қазақ автономиясын жариялау мерзімі мен «Түркістандық» қазақтарға көзқарас туралы) кезінде уақытша түсініспеушілік пен қарама-қайшылықтар да болды. Осыған ұқсас жайттар Әлихан

Бөкейханов басқарған Алашорданың орталық үкіметі мен Жанша Досмұхамедұлы басқарған оның батыс бөлімінің арасында да орын алғанымен ұлт мәселесіне келгенде бірігіп, ортақ шешімге келе білді. Жанша Досмұхамедұлы мен Халел Досмұхамедұлы Орталық Алашорданың атынан Мәскеуге барып, В.И. Ленинмен және И.В. Сталинмен жүзбе-жүз кездесіп, алаш автономиясын мойындау жөнінде келіссөз жүргізгені білеміз.

Сонымен қатар Алаштың көрнекті жетекшілерінің қайраткерлік іс-әрекеттері қоғамдық өмірдің әр саласында олардың әрқайсысына тән ерекшеліктерімен тарихта хатталып қалды. Мәселен, Әлихан Бөкейхановтың саясаткерлігі, саясат жүргізудегі «батысшылдығы» ерекше көзге түсті, Ахмет Байтұрсыновқа ең әуелі ағартушылық-ғылымдық пен саяси қимылда байсалдылық және ұстамдылық тән болды. Халел Досмұхамедов пен Мұхаметжан Тынышбаевтардың қоғамдық қайраткерлігінен ғалымдық, зерттеушілік қасиеттері басым жатты. Ал Міржақып Дулатов пен Жақып Ақбаев ең алдымен қоғамдық қайраткерлер ретінде нақтылы іс-әрекеттің адамдары еді. Олар халықты оятудың және оның ұлттық санасын жебеп, жігерлендірудің аса көрнекті шеберлері болды [8, 7 б].

Қазіргі түрлі саладағы интеграция мен жаһандану үрдістерінде, түрлі саяси-идеологиялық тасқындар аясында ұлт болып, мемлекет тәуелсіздігін сақтап қалу жолында арқа сүйер алтын арқауымыз тіл, діл, дін, тарих, салт-сана, соларды тең ұстасақ тәуелсіздігіміз баянды боларын кезінде алаш қайраткерлері көрегендікпен болжағанын көреміз. Бұл мәселелер бүгінгі Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласымен терең үндесіп жатыр.

Алаш зиялылары болашақ қазақ мемлекетін құру жолында ұлттық мектеп, ұлттық әскер құру, қазақты жерге орналастыру, сауда-саттық пен өнеркәсіпті ұйымдастыру, жастарды тәрбиелеу сияқты сан түрлі мәселелермен айналысты. Олар көтерген мәселелер бүгіндері қалыптасқан тәуелсіз мемлекетті сапалы құру жолында алдымыздан көлденең шығып отыр. Тәуелсіздік жолында атқарылып жатқан игі істер алаш арыстарының арманының жалғасы іспеттес деуге әбден болады. Бұл күндері басымыздан өткеріп жатқан саяси-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық өзгерістер мен демократиялық қоғам орнату барысындағы қиындықтар мен оларды шешу жолдарын бір ғасырдай бұрын алаш зиялылары айтып кеткен болатын. Олардың ұлт болашағы жайлы айтқан ойлары мен пікірлері қазіргі тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің іргетасы, тұғыры болып табылатыны сөзсіз.

Сондықтан тәуелсіздік пен ұлт тағдыры жолында қызмет қылған алыптарымыздың іс-әрекеті мен өнегелі ғұмырын әспеттеу, оны жас ұрпақтың бойына сіңіру отаншылдық, ұлттық сезімді қалыптастыруда ерекше маңызды екені даусыз. Олар тәуелсіз мемлекетті асқаралы биіктерге жетелеуге көмектеседі. Алаш арыстары бастап берген ұлттық либералды-демократиялық бағыттар мен ұлттық құндылықтар бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстанның өркениетті мемлекет құру жолындағы бағдаршамы ретінде заңды жалғасын тауып отыр.

Әдебиет тізімі

1. Қойгелдиев, М.К. Алаш қозғалысы. – А., 1995. – 303 б.
2. Нұрпейісов, К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995. – 256 б.
3. Қойгелдиев, М. Алаш өткен жол. // Ақиқат. – 1994. – №2. – 45 б.
4. Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы. – А., 1995. – 228 б.
5. Қазақстан тарихы. III том. – А., 2002. – 724 б.
6. Ақиқат. №4. – 2005. – 57 б.
7. Ақиқат. №4. – 1998. – 80 б.
8. Назанова, Н. «Алаш» либералдық-демократиялық қозғалысы идеологиясының маңыздылығы. – Шымкент, 2007. – 7 б.